Жас толқын

Ержан
ЖҰМАБЕК



# Шексіздік шұғыласы

# Ержан ЖҰМАБЕК

# Шексіздік шұғыласы

Алматы
"Жалын баспасы"
2012

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Қаз) 7-5
Ж 81

**Қазақстан Республикасының**
**Мәдениет және ақпарат министрлігі**
**Ақпарат және мұрағат комитеті**
**"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін**
**басып шығару"**
**бағдарламасы бойынша шығарылды**

**Жұмабек Ержан.**
**Ж 81 Шексіздік шұғыласы...: Өлеңдер./**
**Ержан Жұмабек.** — Алматы:
"Жалын баспасы" ЖШС, 2012. — 112 б.

ISBN 978-601-7286-50-7

Жас талант Ержан Жұмабекұлының өлеңдерін оқи бастағанда-ақ поэтикалық албырттық пен адами тазалығы бірден аңғарылады. Ақынның лирикасы – тұнық махаббат жолындағы адамның әртүрлі қалыпта болатын көңіл-күйлерін әдемі бейнелей білген. Сонымен қоса адалдық пен парасаттылықты да нәзік сезім, терең оймен жазған жырлары ақылға, қиялға, көңілге қонымдылығымен ерекшеленеді.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

**УДК 821.512.122**
**ББК 84 (5 Қаз) 7-5**

**ISBN 978-601-7286-50-7**

**© Жұмабек Ержан., 2012**
**© "Жалын баспасы" ЖШС., 2012**

## ҚАЗАҚ

Түнгі әуеде қалықтаған ой болып,
Бір мезетте көкбөріге айналып...
Періштенің күлкісіндей сезім боп,
Ақ арманын мың айнала безілдеп...
Жанарынан жасын атқан ібіліс,
Кейде өзін-өзі шалған кідіріс.
Құс жолының жиегінде дірдектеп,
Бейне тұнған шұғылалы бір көктем.
Бірде дана – дұшпан көрген тағдырын,
Бірде бала – дос санаған барлығын.
Және қозғалғанға қамқор үй болып,
Сай-сүйекті сырқыратқан күй болып.
...Өзін-өзі іздеп таппай жоғалған,
Жылуы мен мейірімі тоналған.
Топырағы тозған дала сыңайлы,
Айнадағы бейнесіне жылайды!
Сосын оның сомдауы ауыр күрсініс,
Қайта қуат тұндыратын құлшыныс.
Азабы мен қасіретін өрнектеп,
Үмітінің елесімен тербете...
Мақтануды шығарыпты ұялмай,
Құдаймен де түскі ас ішкен қиялдай...
Кім біледі, дұрыс шығар мұнысы,
Ақыл айтқыш дым білместер құрысын?!

# ТРУИЗМ

Беу, өмір қайтіп келмейтін,
Үміт-күдікпен жемдейтін.
Уақытқа, шіркін, не шара –
Әсемдеп ісін зерлейтін?
Арманға қолың жетер ме,
Қиял – алдамшы көнбейтін?!
Бәріміз бірдей пендеміз –
өз кемшілігін көрмейтін.
Әлсізге әдейі кісімсіп,
Күштіні даттап жерлейтін...
Күнә істеп, жанын фәниде,
Тәтті өтірікпен емдейтін.
...Орныққан құрсап нәпсіні,
Ғұмыр кешуге сенбейтін.
Азық, шүберек, там үшін,
Көрге кіргенше терлейтін...
Итшілеткен қу тірлік-ай –
мұңға таланып, шер жейтін...
Пайдасыз қара пақырға,
Бір тиынын да бермейтін.
Ажал – бір жұмбақ сұмпайы,
Қара жер – бесік тербейтін...
Сауап пен күнәңді есептеп,
“О, дүние”, – дейді, “тергейтін!”.
Ұятсыздардан қорқамын,
Ар-намысқа ой бөлмейтін.
Қиямет тақап қалғандай,
Иманға ғалам шөлдейтін...





2–975

# МЕТЕОР

## *(Қара өлең пайғамбарына)*

*Қысқа жазылған екі-үш*
*өлеңіңді ғана жариялайын!*
*Себебі: жарнамаға орын керек!*
*Мұның ақшасы төленген...*

***... газетінің редакторы***

Қоржыныңда қуатты сөз көп...
Ел – таң!..
(Тырысуда, шыңыңды көздеп... Ер сан...)
Нұрлы ой-отауына еніп, шықпай,
Шөлді көлдей шырайлап өзгерткен хан!..

Барша жау, тау жеңіліп... Күбірлескен...
Шығармайды ешқашан үніңді естен.
Бүкіл әлем бақытты шығар, сірә,
Сізді туған нысанда ғұмыр кешкен...

Бірақ айтар миллион мұң табармын-ау,
(Жыртқызғым да келмейді жағамды сау...)
...Пейілінде тербелген ақша елесі,
Мейірімге сусаған заман мынау...

Тәубесі өлгендерге жоқ кедергі елі...
Данышпан, нақұрыстың көрер көрі –
Құдай мен сайтаннан да шошымайтын,
Сауда мен ұрлықтың хас шеберлері...

Сіздік сөзбен кем-кетік толығар шын,
Қазақтағы жұпарлы толық арсың...
(Жарығыңыз сан ғасыр болар әлі.)
Кешіріңіз! Сізге әлі оралармын...
Сөзге орын аз...
Жарнама орын алсын!..

## МАЗМҰНЫ

Экзистенциямұмдық кіріспе
немесе 25 жас – 25 сөз.........................
(Өмір...)..............................................3
(Махаббат...)........................................_
Қазақ....................................................5
Метеор..................................................7
Труизм..................................................8
Жалған дүние-ай....................................9
Қазақтың жаңа жылы.............................10
Шексіз мұңның......................................11
Резолюция............................................12
Тәңірге дат...........................................13
Лава – жыр............................................14
Әкешім..................................................15
Жанайқай..............................................16
Бауырыма..............................................17
Жосы.....................................................18
Қуанышқа..............................................19
Ымыртта................................................20
Сендер де, білем, мені сағындыңдар.........21
Қоңыр домбыра......................................22
Жауап....................................................23
Түнгі өлең..............................................25
Уақыт....................................................26
Бар мен жоқ............................................27
Бұлаң....................................................28
Бірге өскен бала кезден достарым-ай.........29
Шер.......................................................30
Күпірлік..................................................31
Депрессия..............................................32
Сен еш өкінбе, жылама.............................33
Атаңа нәлет............................................34
Тұман....................................................35
Дегенмен, өмір сүру қандай жақсы............36
Жұдырықтай жүрегім...............................38
Уа, арман!.............................................39
Қазақ пен өмір........................................40
Сыр.......................................................41
Өзіңді күттім..........................................42
Өң мен түстің гармониясы........................43
Көзайым................................................44
Нөміріңді, көңіліңді бермей қой................45
Сезім сөзі..............................................47
Серт......................................................48
Хабарлама (sms).....................................49
50